



Осы ережелер «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы тарапынан біржақты тәртіпте Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде әзірленген және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібін айқындайды.

Осы ережелер сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың нақты шарты бойынша тараптардың міндеттемелерін айқындайтын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленеді.

Мазмұны

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	1
2-бап. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА	2
3-бап. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ	2
4-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ	2
5-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	3
6-бап. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ	9
7-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ	9
8-бап. ФРАНШИЗА	10
9-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ	10
10-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	12
11-бап. ҚОС САҚТАНДЫРУ	12
12-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	13
13-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КЕЗЕҢДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮБЫНЫҢ САЛДАРЫ	15
14-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ	16
15-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ	16
16-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ	17
17-бап. Залал мөлшерін және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау	17
18-бап. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	19
19-бап. Сақтанушының залалдарды өтеуге қатысты құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация)	20
20-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	20
21-бап. Қосымша талаптар	21
22-бап. Дауларды шешу тәртібі	22

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережелердің талаптарында бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру Шарттарын жасасады, олар бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі сақтандырылады (бұдан әрі – Сақтандыру шарты).

2. Сақтандыру шарттары бұдан әрі Сақтанушы деп аталатын жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан), осы жағдайда Пайда алушы ретінде әрекет ететін, зиян келтірілуі мүмкін тұлғалардың пайдасына жасалады.

3. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру кезінде жауапкершілік Сақтанушының өзінің де, сондай-ақ мұндай жауапкершілік жүктелуі мүмкін өзге тұлғаның да (Сақтандырылған тұлғаның) жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.

4. Осы Ережелерге сәйкес үшінші тұлғалар (жәбірленушілер) мыналар болуы мүмкін:

- өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірілген жеке тұлғалар;
- асыраушысынан айырылуына байланысты зиянның өтемін және жерлеуге жұмсалған шығыстардың өтемін алуға құқығы бар жеке тұлғалар;



- мүлкіне зиян келтірілген заңды тұлғалар.
5. «Үшінші тұлғалар (жәбірленушілер)» ұғымына Сақтандыру шартымен өзге де тұлғалар енгізілуі мүмкін.
6. Осы Ережелерге сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырылған тұлға, олардың жұмыскерлері үшінші тұлғалар (жәбірленушілер) болып табылмайды.

2-бап. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА

1. Сақтандырушы – қолданыстағы заңнамаға сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыратын «Евразия» Сақтандыру Компаниясы» акционерлік қоғамы.
2. Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға.
3. Сақтанушы – заңды тұлға Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде қайта ұйымдастырылған кезде, осы Шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының келісімімен тиісті құқық мирасқорына ауысады.
4. Сақтандырылған тұлға – қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.
5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылған тұлға болып табылады.
6. Сақтанушы Сақтандыру шартында үшінші тұлғаны Сақтандырылған тұлға ретінде айқындай алады.
7. Сақтандырылған тұлғалар заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар бола алады.
8. Сақтандырылған тұлғаның пайдасына Сақтандыру шартын жасасу Сақтанушыны осы Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.
9. Егер Сақтандырылған тұлға заңды тұлға болса, сақтандыру қорғанысы Сақтандырылған тұлғаның жұмыскерлеріне қолданылады.

3-бап. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Сақтандыру объектісі болып Сақтандыру шартында келісілген Сақтанушы қызметінің нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелімен байланысты Сақтанушының мүлкітік мүддесі табылады.
2. Осы Ережелерге сәйкес Сақтандырушы Сақтанушылармен жауапкершіліктің әртүрлі түрлерін сақтандыру Шарттарын жасасады, соның ішінде:
 - 1) жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
 - 2) жоғары қауіптілік көзі иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру (оның ішінде экологиялық тәуекелдерді сақтандыру);
 - 3) кәсіби қызметтерді (жұмыстарды) көрсету үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
 - 4) өнімнің (қызметтердің) сапасы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
 - 5) ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастырушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.
3. Құқыққа қарсы мүдделер (әрекеттер) сақтандырылуға жатпайды.

4-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Сақтандыру жағдайы – Сақтандыру шартында көзделген, оның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы белгілеріне ие оқиға, оның басталуымен Сақтандырушыда Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайды.
2. Осы Ережелерге сәйкес үшінші тұлғаларға зиян келтіру тәуекелдері, атап айтқанда:
 - 1) үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру тәуекелі;
 - 2) үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру тәуекелі;
 - 3) қоршаған ортаға зиян келтіру тәуекелі сақтандыру жағдайы болып табылады.
3. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген сақтандыру тәуекелдері мен оқиғалары көрсетілуі мүмкін.



4. Сақтандырылған тәуекелдер мен оқиғалардың нақты тізбесі тараптардың келісімі бойынша айқындалады, ол Сақтандыру шартында көрсетіледі.
5. Зиянның туындау себептері қасақана сипатта болмауға тиіс.

5-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше келісілмесе, мыналардың салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің туындауы сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
 - 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
 - 2) бүлік; ереуіл; локауттар; халық көтерілісі ауқымына жететін немесе соған ұласатын азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери басып алу немесе заңсыз иемдену; мүлікті тәркілеу; реквизициялау немесе ұлттандыру; террористік актілер;
 - 3) радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағудан шыққан радиоактивті отынмен не радиоактивті қалдықтармен ластану;
 - 4) Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) алкогольдік, уыттық немесе есірткілік масаң күйде жасалған әрекеттері;
 - 5) дүлей зілзалалар – жер сілкінісі, найзағай соғуы, су тасқыны, сел, дауыл, құйын, боран, пырылу, көшкін, қар көшкіні;
 - 6) Сақтанушының төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы;
 - 7) Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның қасақана әрекеттері;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) келтірілген зиян үшін жауапкершілігін жоққа шығаратын мән-жайлар.
2. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулардың нақты тізбесі Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша айқындалады.
3. Осы Ережелер бойынша тек Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға үшінші тұлғаларға келтірген тікелей мүліктік зиян ғана өтелуге жатады.
4. Осы сақтандырумен Сақтанушының мынадай азаматтық-құқықтық жауапкершілік түрлері жабылмайды:
 - 1) міндетті сақтандыру шарттары бойынша жабылатын (немесе жабылуы мүмкін болған) жауапкершілік;
 - 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, шарт талаптарын бұзғаны, міндеттемелерді тиісінше орындамағаны не орындамағаны, шарттан бас тартқаны және т.б. үшін жауапкершілік;
 - 3) азаматтық-құқықтық мәмілелердің, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қарыз, тапсырма, кепілдік, кепілгерлік, кепіл, банктік қарыз шарттары бойынша;
 - 4) нысанасы қаржы құралдары және/немесе вексельдер болып табылатын азаматтық-құқықтық мәмілелердің, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша;
 - 5) бағалы қағаздар нарығы, банктік қызмет туралы заңнамамен реттелетін азаматтық-құқықтық мәмілелердің, азаматтық-құқықтық шарттардың кез келген түрінен туындайтын міндеттемелер бойынша;
 - 6) біржақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік;
 - 7) Сақтанушы заңды тұлға ретінде және оның құрылтайшылары/қатысушылары/акционерлері/мүлік меншік иелері, жай серіктестік және/немесе консорциум қатысушылары, аффилирленген тұлғалар, Сақтанушы қатысушы/құрылтайшы/акционер/мүлік меншік иесі, жай серіктестік және/немесе консорциум қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар арасындағы қатынастардан туындайтын жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық), оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі, заңды тұлғаларды құру, заңды тұлғаларды басқару, дивидендтер төлеу, заңды тұлғалардың басқару органдарының шешімдер қабылдауы, заңды тұлғалардың табыстарын бөлу, мүлікке құқықтар, заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру, заңды тұлғаларды



тоқтату, заңды тұлғалардың құқық мирасқорлығы, заңды тұлғалардың банкроттығы, жай серіктестік/консорциум қызметін тоқтату жөніндегі қатынастар;
8) заңды тұлғаның құрылтайшысының (қатысушысының), акционерінің немесе оның мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша заңды тұлғаның жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);

9) Сақтанушы заңды тұлға ретінде және оның басқару органдары арасындағы қатынастардан туындайтын жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық);

10) Сақтанушы үшінші тұлғалар алдында өзінің органы құрылтай құжаттарында белгіленген өкілеттіктерінен асыра қабылдаған міндеттемелер бойынша көтеретін жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық);

11) Сақтанушы үшінші тұлғалар алдында қолданыстағы заңнама талаптарын бұза отырып қабылданған міндеттемелер бойынша көтеретін жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық);

12) Сақтанушы үшінші тұлғалар алдында заңды тұлға таратылған кезде, оның ішінде банкроттық нәтижесінде таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға байланысты міндеттемелер бойынша көтеретін жауапкершілік (оның ішінде субсидиарлық);

13) еншілес ұйым Сақтанушының кінәсінен банкрот болған жағдайда Сақтанушының жауапкершілігі (оның ішінде субсидиарлық);

14) Сақтанушының толық серіктестік қатысушысы ретінде серіктестіктің қарыздары бойынша жауапкершілігі;

15) Сақтанушының қосымша жауапкершілігі бар серіктестік қатысушысы ретінде серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;

16) Сақтанушының кооператив мүшесі ретінде кооператив міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;

17) Сақтанушының құрылтайшы ретінде мекеме міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;

18) негізсіз баю салдарынан туындайтын Сақтанушының жауапкершілігі;

19) тапсырмасыз бөтен мүдде үшін әрекеттер нәтижесінде туындайтын Сақтанушының жауапкершілігі;

20) Сақтанушының кез келген регрестік талаптар, регресс тәртібімен қойылатын талаптар бойынша жауапкершілігі;

21) үшінші тұлғаларға берілген міндеттемелер бойынша Сақтанушының жауапкершілігі;

22) үшінші тұлғалардан қабылданған міндеттемелер бойынша Сақтанушының жауапкершілігі;

23) медиация барысында, бітімгершілік келісім жасасу барысында, үшінші тұлғалардың талаптарын ерікті түрде қанағаттандыру процесінде қабылданған міндеттемелер бойынша Сақтанушының жауапкершілігі;

24) қауіпті немесе уытты заттарды, не биохимиялық токсиндерді иеленуге, пайдалануға байланысты жауапкершілік;

25) шаңның немесе өзге де ластаушы заттардың таралуы, шығарылуы, дренажы, босатылуы, шығуы үшін жауапкершілік, оның жиынтықта немесе кенеттен болуына қарамастан;

26) үй-жайларды жөндеуден, реконструкциялаудан, салудан, көшіруден, жөндеу жұмыстарынан туындайтын кез келген жауапкершілік.

5. Мүліктік залал бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік алып тастаулары:

Осы сақтандырумен Сақтанушының мынаған байланысты/мынадан туындаған/мынаған қатысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жабылмайды:

1) осы Сақтандыру шартына сәйкес Үшінші тұлғалар болып табылмайтын тұлғаларға қатысты;

2) қоршаған ортаға зиян келтірумен;

3) мемлекеттік мүлікке келтірілген зиянмен;

4) әуе, ғарыш, теңіз, өзен кемелеріне, мұнай мұнаралары мен платформаларына, жасанды аралдарға және олардағы құрылыстарға, оның ішінде аталған мүліктің қосалқы бөлшектеріне, компоненттеріне және құрамдас бөліктеріне, сондай-ақ өзге де ұқсас мүлікке келтірілген зиянмен;

5) тұрақсыздық айыбын, санкцияларды, айыппұлдарды, моральдық зиянның, іскерлік беделге нұқсанның өтемін, Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сот шығындарын төлеу міндетімен;

6) кез келген мүліктік емес зиянды/нұқсанды өтеу міндетімен;

7) бүлінген мүліктің тауарлық құнының жоғалуын өтеу міндетімен;

8) тамақ және/немесе химиялық және/немесе уыттық уланумен;



- 9) термиялық күйіктермен;
- 10) сатудағы (оның ішінде сату орындарындағы), сақтаудағы (оның ішінде қоймалардағы) мүлікке келтірілген зиянды өтеумен;
- 11) транзиттегі жүктерге, тауарларға келтірілген нұқсанды өтеумен;
- 12) айналымдағы тауарларға келтірілген нұқсанды өтеумен;
- 13) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның өзі өткізген де, өзге тұлғалар ұйымдастырған да бұқаралық іс-шараларды өткізуге байланысты келтірілген зиянды өтеу міндетімен, тіпті мұндай іс-шараға қатысушылар мен өткізілетін іс-шараның жанында немесе сол іс-шарада тұрған мүлік зардап _____ шексе _____ де;
- 14) қауіпті әуестік және/немесе кәсіп және/немесе спорт түрлерімен байланысты қызметпен, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: парашютпен секіру, су астында жүзу, әуе шарымен ұшу, авторалли, альпинизм, шаңғы, рафтинг, тауға өрмелеу, серфинг, скейтбординг, коньки тебу, дельта-, парапланеризм, автомобиль және мото жарыстар, атқа міну, футбол, хоккей, регби, күш спорттары (ауыр атлетика), күрестің барлық түрлері, үңгір туризмі, родео, роликті тақта жарыстары, вело-, мотоспорт және т.б.;
- 15) спорт саласындағы қызметпен;
- 16) сақтауға байланысты қызметпен;
- 17) пайданы жоғалтуды өтеу міндетімен;
- 18) өндірістегі (қызмет көрсетудегі) үзіліс құнын, өндіріс құнының ұлғаюын, жіберіп алған пайданы _____ өтеу _____ міндетімен;
- 19) шаңның немесе өзге де ластаушы заттардың таралуымен, шығарылуымен, дренажымен, босатылуымен, шығуымен, оның жиынтықта немесе кенеттен болуына қарамастан;
- 20) бүлінген мүліктің үй-жайларын жөндеу, реконструкциялау, салу, жобалау, көшіру құнын өтеу міндетімен;
- 21) жобалардағы, жобалаудағы, кез келген техникалық құжаттаманың спецификацияларындағы қателіктермен;
- 22) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Қазақстан Республикасында белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын, сондай-ақ өзге де қауіпсіздік талаптарын бұзуымен;
- 23) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кез келген жарғылық және кәсіби қызметін жүзеге асыру нәтижесіндегі қателіктер мен олқылықтармен (жеке Шартқа сәйкес кәсіби жауапкершілік сақтандырылатын _____ жағдайларды _____ қоспағанда);
- 24) Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға өндіретін, шығаратын, көрсететін, орындайтын өнімнің және/немесе қызметтердің/жұмыстардың сапасымен (өнімнің, жұмыстардың/қызметтердің сапасы үшін жауапкершілік жеке Шарт бойынша сақтандырылатын жағдайларды қоспағанда);
- 25) Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға өткізетін, консигнацияға алатын, сататын өнімнің және/немесе қызметтердің/жұмыстардың сапасымен (өнімнің, жұмыстардың/қызметтердің сапасы үшін жауапкершілік жеке Шарт бойынша сақтандырылатын жағдайларды қоспағанда);
- 26) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде болған және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолданған Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының (оның жұмыскерлерінің/отбасы мүшелерінің, жалдамалы, тартылған тұлғалардың, жұмыстарға, қызметтерге, сатуға, тасымалдауға, тиеуге, жүктеуге жіберілген тұлғалардың және басқа тұлғалардың) әрекеттерімен/әрекетсіздігімен;
- 27) қосалқы мердігерлердің/мердігерлердің, құрылысшылардың, серіктестердің/контрагенттердің, жұмыскерлердің, Сақтанушы сенім білдірген адамдардың әрекеттерімен/әрекетсіздігімен;
- 28) ластаушы заттардың, газ тәрізді, қатты, сұйық, ұсақ заттардың, оның ішінде: шаң, газ, түтін, күйе, _____ ыс _____ және _____ т.б. _____ әсерімен;
- 29) террористік актілермен және үшінші тұлғалардың саяси себептермен жасалған құқыққа қарсы әрекеттерімен;
- 30) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның көзқарасы бойынша күтілетін немесе болжанатын зиян _____ келтіруге _____ байланысты _____ талаптармен;
- 31) жоғары қауіптілік көзі арқылы зиян келтірумен;
- 32) нақты немесе болжамды жала жабумен, немесе адамның ар-намысы, қадір-қасиеті мен іскерлік беделін түсіретін не жеке өмірге қол сұғатын өзге де мәліметтерді таратумен;
- 33) Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға ақыға уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға,



- лизингке, прокатқа және т.б.), өтеусіз пайдалануға, сенімгерлік басқаруға не кепілге берілген мүліктің бүлінуімен, жойылуымен, нашарлауымен, қирауымен немесе бүлінуімен;
- 34)** Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға шарт бойынша немесе қосымша қызмет ретінде сақтауға қабылданған мүліктің бүлінуімен, жойылуымен, нашарлауымен, қирауымен немесе бүлінуімен;
- 35)** авторлық құқықтардың және зияткерлік меншік объектілеріне өзге де айрықша құқықтардың бұзылуымен;
- 36)** дірілдің, копердің әсерімен, топырақтың отыруымен немесе бұзылуымен, сондай-ақ тіректердің жылжуынан, жойылуынан немесе әлсіреуінен;
- 37)** магистральдық коммуникацияларға: кабельдерге, каналдарға, су құбырларына, газ құбырларына және басқа да жолөткізгіштерге зиян келтірумен;
- 38)** атмосферадағы тұрақты, жүйелі немесе ұзақ мерзімді термиялық әсердің немесе газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, ылғалдың немесе кез келген, оның ішінде қалқыма бөлшектердің (күйе, қара күйе, түтін, шаң және т.б.) әсерінің салдарынан, жоғарыда аталған заттардың әсері кенеттен және күтпеген болып табылатын және зиян осындай әсердің сөзсіз салдары болғанын және сақтандырылған қызметпен тікелей байланысты екенін көрнекі дәлелдер болған жағдайларды қоспағанда;
- 39)** атыс, газ, суық, пневматикалық немесе лақтырылатын қаруды пайдаланумен;
- 40)** сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталғанға дейін болған және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде жалғасқан себептермен;
- 41)** сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталғанға дейін болған, бірақ тоқтатылған, алайда олардың әсері сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру жағдайына әкелген себептермен;
- 42)** осы жыл мезгілі мен осы жерге тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсерімен;
- 43)** жәбірленген үшінші тұлғалардың ақшалай қаражат, бағалы қағаздар, алтын, асыл немесе түсті металдардан жасалған бұйымдар, асыл заттар, әшекейлер, өнер туындылары немесе өзге де құндылықтар, оның ішінде антикварлық немесе тарихи не өзге де әлеуметтік құндылығы бар мүлкіне қатысты;
- 44)** заңгерлік, бухгалтерлік, аудиторлық, консультациялық, аудармашылық қызметтер көрсетумен;
- 45)** дәрігерлік, сәулеттік, жобалау қызметімен;
- 46)** компьютерлік бағдарламалар, сайттар, микросхемалар жасау, ақпаратты электрондық түрде сақтау жөніндегі қызметпен;
- 47)** конструкциялардың, механизмдердің, агрегаттардың пайдалануға тапсырылғанға/қабылданғанға дейін не тапсырыс берушіге берілгенге дейін, не құрастыру, құрылыс, монтаж, орнату аяқталғанға дейін қирауымен немесе бүлінуімен;
- 48)** Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға байланысты тұлғалардың (жұмыскерлер, серіктестер, жалдамалы жұмыскерлер, өзге шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғалар, не сақтандыру оқиғасы басталған жерде себептері мен қажеттілігіне қарамастан болған тұлғалар) жеке мүлкінің бүлінуімен;
- 49)** Сақтандырушымен келісу бойынша таңдалған тәуелсіз сараптамалық ұйым растаған анықталмаған себеппен;
- 50)** келісімшарттарға, шарттарға, келісімдерге өзгерістер енгізумен, келісімшарттар, шарттар, келісімдер тараптарын өзгертумен, келісімшарттар, шарттар, келісімдер құнын өзгертумен, бастапқыда көзделген жұмыстар, қызметтер көлемін не шарттарда, келісімшарттарда, келісімдерде және оларға қосымшаларда көрсетілген тауарлардың, заттардың немесе өзге мүліктің санын, атауын, сипатын өзгертумен;
- 51)** құжаттарды, жобаларды келіспеумен, толық келіспеумен, тиісінше келіспеумен;
- 52)** уәкілетті органдар мен ұйымдардың қажетті рұқсаттарының болмауымен;
- 53)** өндірушіде стандартты емес жобалар, материалдар, жабдықтар бойынша жеке дайындауды талап ететін бірегей құрылыстарды салу, реконструкциялау үшін қажетті мүліктің бүлінуімен;
- 54)** пайдалану үшін қажетті сертификаттары, рұқсаттары жоқ материалдарды, жабдықтарды, мүкәммалды пайдаланумен;
- 55)** технологиялық процестерді бұзумен;



- 56) орындалатын жұмысқа қатысты кәсіби дағдыларды растайтын қажетті құжаттары жоқ тұлғаларды жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге жіберумен;
- 57) сақтау, орнату, тасымалдау, тиеу, жұмыста пайдалану бөлігінде ерекше ұқыпты қарауды талап ететін сынғыш материалдардың бүлінуімен, жойылуымен;
- 58) мемлекеттердің, үкіметтердің және мемлекеттік бірлестіктердің шешімімен (тікелей не жанама) салынған санкциялармен және шектеулермен;
- 59) кедендік\салықтық алымдарды, баждарды және т.б. өндіріп алу туралы талап-арыздармен\наразылықтармен;
- 60) сақтандырылған тұлғаның және\немесе пайда алушының пайдалануындағы, бірақ оларға меншік құқығымен тиесілі емес мүлікпен;
- 61) уақытша ғимараттар мен құрылыстармен, қойма, қосалқы үй-жайлармен, құрылыс ормандарымен, инженерлік коммуникациялармен;
- 62) аумақты мүлік сынықтарынан (қалдықтарынан) тазарту жөніндегі шығыстарды өтеумен;
- 63) сақтандыру оқиғасына байланысты адамдарды, жабдықты, багажды тасымалдауға жұмсалған шығыстарды өтеумен;
- 64) қаза тапқандардың не жараланғандардың денелерін тұрақты тұратын жеріне, сондай-ақ кез келген басқа бағытта репатриациялауға жұмсалған шығыстарды өтеумен;
- 65) мүлікке зиян келтірумен, сондай-ақ зиян келтірілген үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен; сақтандыру оқиғасын және оның салдарын жою немесе жою процесінде не салдарынан;
- 66) асбесттің, асбест талшығының немесе құрамында асбест бар кез келген өнімдердің, сондай-ақ радиоактивті изотоптардың әсері нәтижесінде туындаған залалдармен.
- 6. Аяқталғанға дейін сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырмауға құқық беретін мән-жайлар:**
- 1) сақтандыру оқиғасына қатысты қылмыстық және/немесе әкімшілік тергеп-тексеру;
 - 2) кінәлі тұлғаларды анықтау және оларға қатысты тиісті процестік шешім шығару рәсімі;
 - 3) сақтандырылған тұлға, сақтанушы, пайда алушы және сақтандырушы арасында да, сондай-ақ өзге кез келген тұлғалар арасында да сақтандыру оқиғасымен байланысты оқиғалар мен мән-жайлар бойынша аяқталмаған сот талқылауларының болуы.
- 7. Өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян бойынша алып тастаулар:**
Осы сақтандырумен Сақтанушының мынаған байланысты/мынадан туындаған/мынаған қатысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жабылмайды:
- 1) өндіріп берілген сомаларды индекстеуге;
 - 2) сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін өмір сүру құнының өсуіне, мүгедектік мерзімінің ұзартылуына, жеке тұлғаның еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесінің ұлғаюына байланысты зиянды өтеудің ұлғаюына байланысты шығыстарға;
 - 3) жеке тұлғаның ҚР аумағынан тыс жерде емделуіне жұмсалған шығыстарды өтеу міндетіне;
 - 4) жеке тұлғаның санаторий-курорттық емделуіне жұмсалған шығыстарды өтеу міндетіне;
 - 5) жеке тұлғаның денесін репатриациялау шығыстарын өтеу міндетіне;
 - 6) үшінші тұлғалардың Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға регрестік талаптарына, Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға суброгация тәртібімен қойылатын талаптарға;
 - 7) үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның (Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның жұмыскерлері; Сақтанушыға тиесілі немесе оған берілген жануарлар) оларды қандай да бір инфекциялық/вирустық аурумен жұқтыруы салдарынан зиян келтіруге;
 - 8) үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына:
 - а) шудың (адам құлағы қабылдайтын немесе қабылдамайтын) әсері нәтижесінде,
 - б) дірілдің, дыбыстық соққының және (немесе) өзге де ұқсас құбылыстардың нәтижесінде;
 - в) кез келген түрдегі ластанулармен немесе жұқтырулармен;
 - г) электрлік немесе электромагниттік толқындардың әсерімен.
- 8. Сондай-ақ Сақтандырушы мыналарды жаппайды және бұл Сақтандырушының Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіз болуы мүмкін:**
- 1) Шарт күшіне енбеген кезеңде сақтандыру жағдайының басталуы;



- 2) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның жұмыскерлеріне зиян келтіру нәтижесіндегі залалдар;
 - 3) міндетті сақтандыру түрлерімен жабылатын залалдар;
 - 4) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның банкроттығынан туындаған залалдар;
 - 5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер бұл сақтанушының еркіне байланысты емес себептермен немесе дәлелді себептермен шартталмаса және осы фактіні растайтын құжаттарды Сақтанушы ұсынбаған жағдайларды қоспағанда;
 - 6) сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себептерін растайтын Сақтандыру ережелерінде көрсетілген барлық қажетті құжаттарды ұсынбау (не толық көлемде ұсынбау);
 - 7) зиян келтіруге кінәлі тұлға Пайда алушы болып табылуы;
 - 8) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның қызметті жүзеге асыруға лицензиясының/рұқсатының қолданылуы тоқтатылған, кері қайтарылған немесе тоқтатылған кезеңде сақтандыру жағдайының басталуы;
 - 9) сақтандыру оқиғасы туралы құзыретті органдардың қорытындысының болмауы;
 - 10) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын немесе оның кезекті бөлігін Шартта белгіленген мерзімдерде төлемеуі;
 - 11) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
 - 12) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға деген талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
 - 13) Сақтанушының/Пайда алушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын жүзеге асыруын мүмкін емес еткен әрекеттері (әрекетсіздігі).
- 9. Сондай-ақ Шарт бойынша мыналар жабылмайды:**
- 1) сақтандыру жағдайымен және оны уәкілетті органдарда дәлелдеумен байланысты істерді жүргізу шығыстары (ксерокөшірмелерге, нотариаттық куәландыруға, сараптамаға, адвокат, өкіл, аудармашы қызметтеріне ақы төлеу және т.б. шығыстар);
 - 2) Шартта көзделген сақтандыру сомасынан асатын мөлшерде келтірілген зиян;
 - 3) Сақтандырушының жазбаша ұсынымы бойынша жүргізілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайы басталуы нәтижесінде келтірілген зиян мөлшерін белгілеу мақсатында сараптама жүргізуге арналған шығыстар;
 - 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа жағдайлар.
- 10.** Осы Сақтандыру шартындағы керісінше кез келген ережелерге қарамастан, осы Шарт инфекциялық аурумен немесе инфекциялық ауру қаупімен (нақты немесе болжамды) тікелей немесе жанама байланысты, және кез келген басқа себепке қарамастан бір мезгілде немесе кез келген кезектілікпен ықпал ететін, немесе одан туындайтын, немесе одан туындаған, немесе ықпал еткен, немесе нәтижесінде туындаған немесе өзгеше түрде байланысты болған зиян, өтем, жарақат, ауру, өлім, медициналық шығыстар, қорғанысқа жұмсалған шығыстар, шығындар немесе кез келген басқа сомаларға байланысты сақтандырылған тұлға жауапты болатын барлық нақты немесе болжамды залалдарды сақтандыру қорғанысымен жаппайды.
- 11.** Осы Ережелер бабының 10-тармағында көрсетілген осы ескертпеге сәйкес, залал деп жоғалту, жауапкершілік, нұқсан, өтем, жарақат, ауру, өлім, медициналық төлемдер, қорғанысқа жұмсалған шығыстар, шығындар, шығыстар немесе кез келген басқа сома түсініледі, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, инфекциялық ауруларды тазартуға, уытсыздандыруға, жоюға, мониторингтеуге немесе тестілеуге арналған кез келген шығындар.
- 12.** Осы Ережелер бабының 10-тармағында көрсетілген осы ескертпеге сәйкес, инфекциялық ауру дегеніміз кез келген организмнен басқа организмге кез келген зат немесе агент арқылы берілуі мүмкін кез келген ауруды білдіреді, егер:
- 1) зат немесе агентке, басқалармен қатар, тірі деп есептелетініне немесе есептелмейтініне қарамастан, вирус, бактерия, паразит немесе басқа организм немесе олардың кез келген түрлері кірсе, және



2) тікелей немесе жанама берілу әдісіне, басқалармен қатар, ауа-тамшы жолымен берілу, дене сұйықтықтары арқылы берілу, кез келген беттен немесе заттан не оған берілу, қатты, сұйық немесе газ тәрізді күйде, немесе организмдер арасында берілу кірсе, және

3) ауру, зат немесе агент дене жарақатын, ауруларды, эмоциялық күйзелісті, денсаулыққа зиянды, адамдардың әл-ауқатына немесе мүліктік зиянға әкелуі немесе қауіп төндіруі мүмкін болса.

13. Шарт кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық қамтамасыз етуді, кодты, вирусты немесе процесті не кез келген өзге электрондық жүйені қасақана пайдалану немесе қолдану (зиян келтіру құралы ретінде) нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде туындаған, арандатылған немесе содан шығатын залалдарды, нұқсанды, жауапкершілікті немесе шығыстарды ешбір жағдайда жаппайды.

14. Шарт қандай да бір қаруды немесе снарядты ұшыру жүйесінде және/немесе бағыттау жүйесінде және/немесе ұшыру механизмінде кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді не кез келген өзге электрондық жүйені пайдалану нәтижесінде туындайтын залалдарды жаппайды.

15. Сақтандыру шартында сақтандырудан алып тастаулардың өзге тізбесі және сақтандыруды өзге шектеулер көзделуі мүмкін.

16. Егер Сақтандыру шартында өзгеше келісілмесе, Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

1) үшінші тұлғаның (жәбірленушінің) жанама коммерциялық шығындары, жәбірленушіде тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды өндіру (қызметтер көрсету), шарттар (Шарттар) бойынша өзге міндеттемелерді орындау мерзімдерінің бұзылуына байланысты туындаған шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.), үшінші тұлғалардың жіберіп алған пайдасы;

2) моральдық зиян;

3) сот және сараптамалық шығындар.

6-бап. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.

2. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:

1) жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, бұл жағдайда Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңі үшін барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аса алмайды;

2) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;

3) бір немесе бірнеше тұлғаға жиынтығында бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша өмірге, денсаулыққа зиян келтіргені үшін шекті жауапкершілік көлемі;

4) бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір, бір немесе бірнеше тұлғаның мүлкіне келтірілген залалдар үшін шекті жауапкершілік көлемі;

5) бір немесе барлық сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша шекті жауапкершілік көлемі;

6) сақтандыру сомаларының және Сақтандырушының шекті жауапкершілік көлемінің өзге түрлері.

7-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартында белгіленеді және Сақтандырушының Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді. Сондай-ақ Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифі негізге алына отырып, әрбір объект және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін. Сақтандырушының Сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығымен тиесілі болады.

2. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылататын және төмендететін коэффициенттерді пайдалануға құқылы.

3. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы тәртіппен немесе бөліп-бөліп,



мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.

4. Сақтанушы Сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

5. Егер сақтандыру жағдайы мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке жатқызуға құқылы.

6. Егер Сақтандыру шартының қолданылуы Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеуіне байланысты Шартты бұзу салдарынан тоқтатылған болса, Сақтандыру шарты қайта жаңғыртылуы мүмкін. Бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бұзылған сәттен бастап оны қайта жаңғырту сәтіне дейінгі кезеңде Сақтандыру шарты бойынша жауапты болмайды және осы кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

8-бап. ФРАНШИЗА

1. Франшиза — сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден Сақтандырушыны босату.

2. Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша шартсыз (шегерілетін) немесе шартты (шегерілмейтін) франшиза көзделуі мүмкін.

3. Франшиза мөлшері сақтандыру шартында келісіледі:

1) шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі;

2) шартты франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс.

4. Франшиза сақтандыру сомасының пайызы ретінде де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін. Франшиза мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді және әрбір нақты жағдай үшін жеке келісіледі.

9-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының ауызша немесе жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады.

2. Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасалса, бұл өтініш Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі маңызы бар, Сақтанушыға белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.

4. Мыналар елеулі мән-жайлар деп танылады:

- Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның толық атауы;
- тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, телефон, факс нөмірі, банктік деректемелері;
- Сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы көрсету;
- автомобиль көлігін басқаруға жіберілген тұлғалар туралы мәліметтер;
- сақтандыру аумағы туралы көрсету;
- сақтандырылатын автомобиль көлігі мен мүліктің тізбесі, олардың сипаттамалары;
- автомобиль көлігін пайдалану мақсаттары туралы көрсету;
- автомобиль көлігін пайдалану негіздері (меншік құқығы; жедел басқару құқығы; жалдау, прокат шарты; сенімхат бойынша; өзге де заңды негіздер);
- Сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандырылуға жататын автомобиль көлігінде және/немесе мүлікте бар зақымдар мен ақаулар;



- басқа тұлғалардың автомобиль көлігіне қатысты наразылықтарының, сот талаптарының болуы туралы немесе сот шешімдерінің болуы туралы мәліметтер;
 - дербес орнатылған электрлік және өзге де жабдықтың болуы, электрондық ұрлыққа қарсы сигнализация жүйесінің болуы туралы мәліметтер;
 - сақтандыру жүзеге асырылатын сақтандыру жағдайларының тізбесі;
 - автомобиль көлігі мен мүліктің сақтандыру құны;
 - сақтандыру сомасының мөлшері;
 - Шарттың қолданылу мерзімі;
 - сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі (біржолғы, бөліп төлеу);
 - өтініш-сауалнамада көрсетілген өзге де ақпарат.
- 5.** Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.
- 6.** Сақтанушы сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған өзге де сұрақтарға жауап беруге міндетті.
- 7.** Берілген ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілікті Сақтанушы көтереді.
- 8.** Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалса, соңғысы кейіннен Сақтандыру шартын бұзуды немесе тиісті мән-жайлар туралы Сақтанушы хабарламады деген негізде оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
- 9.** Егер Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушы осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
- 10.** Өтініш-сауалнамада көрсетілуге жататын мәліметтер мен мән-жайлардың толық еместігі үшін жауапкершілікті Сақтанушы көтереді. Өтініш-сауалнамада көрсетілген мәліметтердің мазмұны бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауына байланысты дау туындаған жағдайда, дау Сақтандырушының пайдасына шешіледі.
- 11.** Егер Сақтанушы үндемей кеткен мән-жайлар бұдан былай болмаған болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
- 12.** Қажет болған жағдайда, Сақтандырушы өз қалауы бойынша Сақтанушыдан талап етуге құқылы, ал Сақтанушы сақтандырылатын объектіге меншік құқығын (пайдалану, иелену және/немесе билік ету құқығын), оның құнын және сипаттайтын деректерін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.
- 13.** Сақтандыру шарты жазбаша нысанда тараптардың бір құжатты жасау жолымен немесе Сақтандырушының Сақтанушыға белгіленген нысандағы сақтандыру полисін беруі жолымен жасалады (№ 1 қосымша).
- 14.** Сақтандыру шарты мыналарды қамтуға тиіс:
- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшерлері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы туралы көрсету;
 - 7) Сақтандыру полисінің жасалған күні, қолданылу мерзімі және сақтандыру қорғанысының мерзімі;
 - 8) егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болып табылса, сақтандырылған тұлға мен пайда алушы туралы көрсетулер;
 - 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;



10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; сақтанушының, егер бұл өзгерістер мүліктік сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);

11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі;

12) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;

13) сақтандыру шартында сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) көрсетілген жағдайда, егер ол сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету.

15. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының Көшірмесін береді, осыдан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді. Сақтандыру полисінің бланкін дайындауға және оның Көшірмесін ресімдеуге жұмсалған шығыстарды Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) өтейді, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берілген күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

16. Сақтандыру шарты талаптарының кез келген өзгерістері сақтандыру шартына толықтырумен ресімделеді. Толықтыру сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

10-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

1. Сақтандыру шарты, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Сақтандыру шарты осы Ережелердің 19-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес өз қолданылуын тоқтатады.

3. Сақтандыру шартын бір жылдан кем мерзімге жасасқан кезде сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақының мынадай мөлшерлерінде белгіленеді (толық емес ай толық ай ретінде есептеледі):

Мерзімі	1 ай және одан аз	2 ай	3 ай	4 ай	5 ай	6 ай	7 ай	8 ай	9 ай	10 ай	11 ай
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95

4. Бір жылдан астам мерзімге сақтандырған кезде Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы әр жыл үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасы ретінде белгіленеді. Бұл ретте толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы мынадай формула бойынша есептеледі: **Пнеп. = СТ x (N/12)**, мұнда: **Пнеп.** - толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы (бір жылдан астам сақтандырған кезде); **СТ** – Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі; **N** - толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысының айлар саны.

5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

6. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

11-бап. ҚОС САҚТАНДЫРУ

1. Қос сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыларда әрқайсысымен дербес шарттар бойынша сақтандыру.

2. Қос сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушы (Пайда алушы) алдында өзімен жасалған Сақтандыру шарты шегінде мүліктік жауапкершілік көтереді, алайда барлық



Сақтандырушылардан Пайда алушы алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.

3. Қос сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға өзге сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемі мәселесін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

4. Қос сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп айқындауға құқылы.

12-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушының құқығы бар:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;

2) Сақтандырылған тұлғалардың тізіміне өзгерістер енгізуге. Сақтандырылған тұлғалардың тізіміне өзгерістер енгізу үшін Сақтанушы болжамды өзгерістер күніне дейін кемінде 3 күн бұрын Сақтандырушыға жазбаша өтінішпен жүгінуге тиіс, ол Сақтандыру шартының ажырамас бөлігіне айналады;

3) егер ол Сақтандырушының жазбаша келісімімен үшінші тұлғалардың талаптарын өзі реттеген болса, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшері (шекті жауапкершілік көлемі) шегінде шығындардың өтелуіне;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

2. Сақтанушы міндетті:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;

2) Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалып жатқан азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттары туралы жазбаша хабарлауға;

3) Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерлерде және тәртіппен сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

4) Сақтандырылған тұлғалардың назарына осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын жеткізуге;

5) осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын орындауға (Сақтандырылған тұлғалардың Сақтандыру ережелерін бұзуы Сақтанушының өзі бұзғаны ретінде бағаланады);

6) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде осы Ережелердің 14-бабының 2-тармағында көрсетілген қажетті әрекеттерді жасауға;

7) өзіне белгілі болған күннен бастап 3 (Үш) күннен кешіктірмей, зиян келтіру фактісі бойынша құзыретті органдардың іс-қимылдарының басталғаны туралы (тергеу, қылмыстық іс қозғау, сотқа шақыру және т.б.), сондай-ақ үшінші тұлғалардың барлық қойылған наразылықтары, талап арыз беруі және т.б. туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға;

8) егер Сақтанушыда немесе Сақтандырылған тұлғада мұндай негіздер болса, қойылатын талаптардың мөлшерін азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдауға;

9) Сақтандыру шартының талаптары мен сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға;

10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының ауысуын қамтамасыз етуге;

11) Сақтанушы Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді жинауына және өңдеуіне өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтауға қажеттілік жойылғанға дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауы, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

12) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін қоса алғанда, дербес



деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісетінін растайды.

13) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін жазбаша нысанда талап етуге міндетті.

14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауы жағдайлары үшін жауапкершілік көтереді.

15) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауын (тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірін (жеке сәйкестендіру нөмірін); субъектінің тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзімді немесе кезенді; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе ондай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтерді; оларды өңдеу процесінде дербес деректердің трансшекаралық берілуінің бар-жоғы немесе жоқтығы туралы мәліметтерді; дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерде таратылуы туралы мәліметтерді; дербес деректер субъектісіне байланысты жиналатын деректер тізбесін.

16) Сақтанушы Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, Интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильді қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің Интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін жинауына және өңдеуіне өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растайды.

3. Сақтандырушының құқығы бар:

- 1) өзіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттарды тексеруге;
- 2) бүлінген мүлікті қарауға қатысуға;
- 3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 4) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын белгілеу үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 5) сотта «Дербес талаптарды мәлімдемейтін Үшінші тұлға» ретінде қатысуға;
- 6) заңда белгіленген тәртіппен Сақтанушыға немесе Сақтандырылған тұлғаға қойылатын талаптардың мөлшеріне дау айтуға;
- 7) осы Ережелердің 5-бабының 1-тармағы негізінде оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымаған жағдайда немесе 18-баптың 6-тармағында көзделген жағдайларда бұл туралы Сақтанушы мен жәбірленушіні жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 8) Сақтанушының сақтандыру жағдайы туралы 3 күн мерзімінде хабарламауы немесе жәбірленген мүлікті қарауға кедергі келтіруі жағдайында сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 9) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыруға;
- 2) жәбірленушіге оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану және сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін ұсынылуға қажетті құжаттардың тізбесін хабарлауға;



- 3) осы Ережелердің 18-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану немесе танымау туралы шешім қабылдауға;
 - 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелердің 18-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 5) сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін жасаған шығыстарын Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) өтеуге;
 - 6) Сақтанушы мен жәбірленушіні оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымау немесе сақтандыру төлемінің мөлшерін азайту туралы шешім қабылдау жөнінде жазбаша хабардар етуге;
 - 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 8) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақша және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.
5. Осы бөлімдегі тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа бөлімдерінде көзделген және Сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

13-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КЕЗЕҢДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЫ

1. Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға), егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
2. Мыналар елеулі өзгерістер болуы мүмкін:
 - 1) өндіріс технологиясының өзгеруі;
 - 2) сақтандыру аумағының өзгеруі;
 - 3) Сақтанушы қызметінің түрінің өзгеруі;
 - 4) Сақтанушы – заңды тұлға жұмыскерлерінің санының ұлғаюы;
 - 5) шығарылатын және өткізілетін өнім тізбесінің өзгеруі немесе кеңеюі және т.б.Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер келісіліп көрсетілуі мүмкін.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабарланған Сақтандырушы Сақтандыру шарты талаптарының өзгертілуін және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шарты талаптарының өзгертілуіне немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі Сақтандыру шартында белгіленеді.
5. Егер Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оны бұздан келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтуға не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар бұдан былай болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.



14-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ одан келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оған зиянды өтеу туралы талаптар қоюға себеп болуы мүмкін оқиға басталған кезде, Сақтанушы міндетті:
 - 1) қалыптасқан жағдайда талаптар қоюға себеп болуы мүмкін оқиғамен байланысты залалдарды азайту үшін дереу ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға;
 - 2) оқиғаның тиісті мемлекеттік не ведомстволық органдарда құжаттық ресімделуін қамтамасыз етуге;
 - 3) өзі білген сағаттан бастап 3 (Үш) күн ішінде сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оған зиянды өтеу туралы талаптар қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны немесе оның өкілетті өкілін жазбаша хабардар етуге;
 - 4) онымен одан әрі іс-қимылдарды келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға.
3. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе Сақтанушыға зиянды өтеу туралы талаптар қоюға себеп болуы мүмкін оқиға басталғаны туралы Сақтандырушыны келісілген мерзімде хабардар етпеу Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді. Сондай-ақ егер сақтандыру оқиғасы бойынша құзыретті органдардың қорытындысы болмаса (құқық қорғау органдары, өрт қауіпсіздігі органдары, санитарлық-эпидемиологиялық станция, авариялық қызметтер, экологиялық қызметтер, төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктер және т.б.), Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
4. Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша барлық кейінгі ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.
5. Сақтанушы Сақтандырушының сұратуы бойынша сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді беруге міндетті.
6. Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талабы бойынша) дауларды сотқа дейінгі және сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттіктерін беруге міндетті.
7. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысты қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға, төлемдер жасамауға және қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге міндетті.

15-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

1. Сақтандыру төлемі туралы талап Сақтандырушыға Сақтанушы, Сақтандырылған тұлғалар немесе жәбірленуші тарапынан тиісті талапты негіздейтін құжаттар қоса беріліп, жазбаша нысанда ұсынылады.
2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мыналар қоса беріледі:
 - 1) сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залал мөлшеріне қатысты құжаттар (мұндайлар мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың қорытындылары, залал сомасының негіздемесі және т.б.) және басқалары;
 - 2) Сақтанушыға үшінші тұлғалардың немесе олардың құқық мирасқорларының Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттар қоса берілген жазбаша наразылығы;
 - 3) үшінші тұлғалардың пайдасына Сақтанушыдан залал сомасын өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот органдарының шешімі (немесе оның көшірмесі) (егер мұны Сақтандырушы талап етсе).
3. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (құқық қорғау органдары, өрт қауіпсіздігі органдары, санитарлық-эпидемиологиялық станция, авариялық қызметтер, экологиялық қызметтер, төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктер және т.б.), оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпаратқа ие кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.



4. Қажет болған жағдайда, оқиғаның басталу себептерін және залал мөлшерін айқындау бойынша жұмысты Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар, сюрвейерлік ұйымдар орындай алады.
5. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны соңғы құжат алынған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

16-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін белгілейді; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; залалдар келтірілген оқиғаның фактісі мен себептерін айқындайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
 - 2) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
2. Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.
Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан Сақтанушының жазбаша төлем туралы өтініші, ұсынылған құжаттар және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүзеге асырылады. Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Сақтанушының болашақ сақтандыру төлемдері есебіне жасаған төлемдері назарға алынбайды.
3. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.
4. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырады. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру жағдайы басталуы нәтижесінде шеккен нақты залал мөлшерінен аса алмайды.
5. Залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) жұмсаған шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тиісті шаралар сәтсіз болған күннің өзінде, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.
Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан (шекті жауапкершілік көлемінен) аспайтындай болуға тиіс. Егер шығыстар Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
6. Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) ықтимал залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді ақылға қонымды шараларды қасақана қабылдамағаны салдарынан туындаған сол залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
7. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) осы Ережелердің 15-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе келтірілген зиянның басталу мән-жайлары мен оның мөлшеріне қатысты көрінеу жалған мәліметтер ұсынса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.
8. Егер Сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған Сақтандыру шарты оның қолданылу мерзімінің соңына дейін Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемі мөлшерінің арасындағы айырмаға тең сақтандыру сомасы мөлшерінде күшін сақтайды.

17-бап. Залал мөлшерін және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау

1. «Үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру» сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі үшінші тұлғаға, ал ол қайтыс болған жағдайда – оның мұрагерлеріне жүргізіледі.
2. «Үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде мыналар ескеріледі:



- 1) келтірілген мертiгy немесе денсаулықтың өзге де зақымдануы нәтижесінде еңбекке қабiлеттiлiгiн жоғалтуы немесе оның төмендеуi салдарынан жәбiрленушiнiң айырылған табысы – еңбекке қабiлеттiлiктi жоғалтудың бүкiл кезеңi үшiн;
- 2) денсаулықты қалпына келтiру, бөгде күтiм, протездеу, ақылы медициналық қызмет көрсетуге арналған қосымша шығыстар, егер жәбiрленушi бұл қызметтердi тегiн алуға құқығы болмаса;
- 3) жәбiрленушi қайтыс болған жағдайда оның асырауында болған тұлғалар айырылған табыстың бөлiгi;
- 4) жерлеуге жұмсалған шығыстар.
3. Үшiншi тұлғалардың өмiрi мен денсаулығына келтiрiлген зиян үшiн сақтандыру төлемiнiң мөлшерi мынадай тәсiлдердiң бiрiмен айқындалады:
 - 1) тараптардың келiсiмi бойынша;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес;
 - 3) сот шешiмiмен Сақтанушыға жүктелген сомалар негiзге алына отырып.
4. Бүлiнген мүлiкке келтiрiлген залалдың мөлшерi:
 - 1) Сақтандырушының калькуляциясы негiзiнде; және/немесе
 - 2) Сақтандырушы тағайындаған авариялық комиссардың (сюрвейердiң) қорытындысы негiзiнде; және/немесе
 - 3) бүлiнген мүлiктi нақты жөндеуге жасалған шоттар негiзiнде айқындалады.
5. Үшiншi тұлғалардың мүлкiне келтiрiлген залал мөлшерiн айқындаудың нақты тәсiлi олармен келiсiм бойынша айқындалады.
6. Тараптар арасында залалдардың себептерi мен мөлшерi туралы даулар туындаған жағдайда, тараптардың әрқайсысы сараптама жүргiзудi талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргiзудi талап еткен тараптың есебiнен жүргiзiледi.
7. Ауыстыруды талап ететiн бөлшектер мен тараптардың құны, бүлiнген бөлшектер мен тараптарды ауыстыру және жөндеу жұмыстарының құны, шығыс материалдарының құны өтелуге жатады. Бүлiнуi сақтандыру жағдайынан туындаған тараптар мен бөлшектердi ауыстыру мен жөндеу құны ғана өтелуге жатады. Бұл ретте мүлiктiң бүлiнген бөлшектерi мен тараптарын ауыстыру қалпына келтiру жөндеуi арқылы оларды әрi қарай пайдалануға жарамды күйге келтiру мүмкiн болмаған жағдайда не егер бұл жөндеу экономикалық тұрғыдан орынсыз болса, өйткенi оның құны ауыстырудың жалпы құнынан (бөлшектер, шығыс материалдары мен жұмыстар құнын ескере отырып) асатын жағдайда есепке алынады.
8. Калькуляция жасау кезiнде бөлшектер мен жұмыстарға орташа қолданыстағы нарықтық бағалар қолданылады.
9. Калькуляцияға енгiзiлмейдi және өтелуге жатпайды:
 - 1) мүлiкке техникалық және кепiлдiк қызмет көрсету құны;
 - 2) мүлiктi реконструкциялауға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөлiктерiн, бөлшектерi мен тараптарын олардың тозуына, техникалық ақауына және т.б. байланысты жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
 - 3) қажеттi қосалқы бөлшектер мен бөлшектердiң болмауына байланысты мүлiктiң тараптары мен агрегаттарын жинақ күйiнде ауыстыру (жөндеудiң орнына).
10. Мүлiк толық нақты немесе конструктивтiк қираған жағдайда, сондай-ақ мүлiктi қалпына келтiру жөндеуiнiң құны оның нақты құнының 80%-ынан асқан жағдайда, сақтандыру төлемi үшiншi тұлғалардың мүлкiне зиян келтiру тәуекелiн сақтандыру үшiн айқындалған сақтандыру сомасынан аспайтын, тозуды ескере отырып бүлiнген мүлiктiң нақты құны мөлшерiнде, мүлiктiң қалдықтарын Сақтандырушыға беру шартымен жүргiзiледi.
11. Сақтандыру төлемiн есептеу кезiнде болмауы немесе бүлiнуi қаралып отырған сақтандыру жағдайына тiкелей қатысы жоқ жоқ бөлшектер мен агрегаттардың құны ескерiлмейдi.
12. Сақтандырушының үшiншi тұлғаның келiсiмiмен, мүлiк қираған жағдайда, сақтандыру төлемiнiң орнына үшiншi тұлғаға залалды заттай нысанда өтеуге, яғни қираған мүлiктiң орнына ұқсас мүлiк беруге құқығы бар.
13. Сақтандырушы жүзеге асыратын, барлық жәбiрленушiлердiң (үшiншi тұлғалардың) өмiрiне, денсаулығына және мүлкiне келтiрiлген зиян үшiн сақтандыру төлемiнiң жалпы мөлшерi бiр сақтандыру жағдайы үшiн Сақтандыру шартында айқындалатын сақтандыру сомасының мөлшерiмен шектеледi.



14. Сақтандырушы жүзеге асыратын, қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері Сақтанушының үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне байланысты туындаған табиғатты қалпына келтіру іс-шараларын жүргізуге, оның ішінде қоршаған ортаның одан әрі ластануын болдырмауға, адамдарды, жануарларды және жылжымалы мүлікті (Сақтанушыда жұмыс істейтін адамдарды қоспағанда) эвакуациялауға арналған шығыстар негізге алына отырып айқындалады, егер мұндай эвакуация құзыретті мемлекеттік органдардың өкімі бойынша жүзеге асырылса және оның қажеттілігі сақтандыру жағдайының басталуынан туындаса.

15. Залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында Сақтанушының жұмсаған шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тиісті шаралар сәтсіз болған күннің өзінде, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.

16. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстардың өтемақысының жалпы сомасы үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру тәуекелі үшін Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайтындай болуға тиіс. Егер шығыстар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

17. Сақтандырушы Сақтанушы ықтимал залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді ақылға қонымды шараларды қасақана қабылдамағаны салдарынан туындаған сол залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

18-бап. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

1. Сақтандырушы шешім қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін отыз күн мерзімде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыны (Пайда алушыны) жазбаша нысанда хабардар етеді. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдейді.

2. Сақтандырушы үшінші тұлғаларға сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 күн мерзімде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде жүзеге асырады.

3. Егер Сақтандырушының жазбаша келісімі бойынша Сақтанушы жәбірленушіге (үшінші тұлғаға) залалдарды өзі өтеген болса, сақтандыру төлемі Сақтанушыға сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 күн ішінде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде және үшінші тұлғаның тиісінше ресімделген қолхатын немесе залал өтелгенін және Сақтанушыға талаптардың жоқ екенін куәландыратын басқа құжатты алғаннан кейін жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы сот тәртібімен шағым жасай алады.

6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;

3) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеуі;

4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруге және одан келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;

5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға деген талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға Сақтанушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;



- 6) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғалардың) осы Ережелердің немесе Сақтандыру шартының ережелерін бұзуы;
- 7) осы Ережелерде көрсетілген өзге де жағдайлар.
7. Егер құзыретті органдар Сақтанушыға немесе оның жұмыскерлеріне қарсы қылмыстық іс қозғаған және (немесе) сақтандыру жағдайының басталуына және одан келтірілген залалдарға алып келген мән-жайларды тергеп-тексеру жүргізілсе – тергеп-тексеру аяқталғанға дейін – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін 15 күн ішінде қабылдауға міндетті.
8. Егер Сақтандырушыға жарамсыз құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемі тиісті құжаттар ұсынылған сәттен бастап он күн мерзімде жүзеге асырылады.

19-бап. Сақтанушының залалдарды өтеуге қатысты құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты бар талап ету құқығы ауысады.
2. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушыға оған ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға деген өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
4. Сақтандыру шартында суброгацияның өзге тәртібі көзделуі мүмкін.

20-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

1. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өз қолданылуын тоқтатады:
 - 1) сақтандырушының сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) алдындағы сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
 - 2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 3) сақтанушы болып табылатын заңды тұлғаның таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын сақтанушының қайтыс болуы, егер сақтандырылған тұлға сақтанушының сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі міндеттерін өзіне қабылдамаған болса;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;
 - 5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.
2. Тараптардың сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін болжанатын тоқтату күніне дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
3. Егер сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:
 - 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан кезде;
 - 2) Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
 - 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметті белгіленген тәртіппен тоқтатуы;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің өмір сүруі сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылған кезде;
 - 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
 - 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда;
 - 7) мынадай жағдайларда:



- Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісінше тексеру жөніндегі шараларды қабылдаудың мүмкін еместігі;
 - іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыны жазбаша хабардар ету жолымен бұзуды жүзеге асырады. Сақтандыру шарты Шартты тоқтатуға негіз ретінде осы тармақта көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.
- 4.** Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде, сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Сақтандырушы пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңі үшін сақтандыру шартын жасасумен байланысты әкімшілік шығыстарды (жасалған сақтандыру шарты бойынша табыс салығын, агенттік сыйақыны және осы сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақыны қамтиды) шегере отырып, жалпы сақтандыру сыйлықақысының 25 % мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.
- 5.** Егер жеке тұлға – Сақтанушының сақтандыру полисінен бас тартуы осы Ережелер бөлімінің 3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Сақтандырушы жеке тұлға – Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру қолданылған уақытқа мөлшерлес сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру полисін бұзумен байланысты шығындарды, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып, қайтаруға міндетті.
- 6.** Егер жеке тұлға – Сақтанушы Сақтандыру полисінен қарыз шартымен байланысты Сақтандыру полисінен бас тартса және бұл оның (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты болса, Сақтандырушы жеке тұлға – Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру қолданылған уақытқа мөлшерлес сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзумен байланысты шығындарды, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып, қайтаруға міндетті.
- 7.** Сақтандыру шартын осы Сақтандыру ережелері бөлімінің 3 – 6-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша мерзімінен бұрын бұзған кезде, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.
- 8.** Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушыға толық көлемде төлеуге, сондай-ақ төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 9.** Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауынан туындаған жағдайларда, соңғысы сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

21-бап. Қосымша талаптар

1. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Ережелерге сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына қосымша талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.
2. Сақтандыру полисімен мына нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:
 - 1) сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығымен (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, меншігіне немесе пайдалануға реквизициялауы.
 - 2) Қандай да бір өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға таралмайды,



ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, өйткені мұндай қамту, төлем, төлемақы немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы кез келген қолданылатын заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылады.

3. Тараптар OFAC, Еуропалық одақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға қатер төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны жай жазбаша хабардар ету жолымен Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екеніне келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға электрондық пошта арқылы немесе пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

4. Тараптар Ережелердің осы бабының 3-тармағына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңіне мөлшерлес пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

5. Тараптар OFAC, Еуропалық одақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға қатер төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғаларды қоса алғанда, жүзеге асырмайтынымен келіседі.

6. Тараптар Ережелердің осы бабының 3-тармағына сәйкес Шартты біржақты бұзу кезінде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтінін және қандай да бір залалдарды өтемейтінін келіседі.

22-бап. Дауларды шешу тәртібі

- 1.** Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын дауларды тараптар тікелей келіссөздер жолымен қарайды.
- 2.** Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

**Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру ережелеріне
№ 1 қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

сериясы № _____

Осы сақтандыру полисі «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның уәкілетті органмен келісілген азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру ережесіне.

Настоящий страховой полис является договором присоединения к Правилам страхования гражданско-правовой ответственности.

САҚТАНДЫРУ КЛАСЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ САҚТАНДЫРУ СТРАХОВАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ	20__ жылғы «__» _____ сериясы ОС № ____. Серия № _____ от «__» _____ 20__ года.
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA BSN 950540000024 АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA БИН 950540000024
САҚТАНУШЫ / СТРАХОВАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРЫЛУШЫ / ЗАСТРАХОВАННЫЙ	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Имущественный интерес Страхователя, связанный с риском ответственности по обязательствам, возникающим вследствие причинения вреда жизни, здоровью или имуществу третьих лиц в результате деятельности Страхователя
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	_____, в размере _____% от страховой суммы. Франшиза — предусмотренное условиями страхования освобождение Страховщика от возмещения ущерба, не превышающего определенного размера.
ВАЛЮТА ТҮРІ, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	_____
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АУМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	_____
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. обе даты включительно
ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	_____
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Страховщик, после получения всех необходимых документов для принятия решения, в тридцатидневный срок принимает решение о страховой выплате или об отказе в страховой выплате, о чем сообщает Страхователю (Выгодоприобретателю) в письменной форме. Страховщик осуществляет страховую выплату Страхователю в 10-дневный срок после вынесения решения о страховой выплате.
ПОЛИС ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ТӨРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис производится по обоюдному согласию сторон, на основании письменного заявления (уведомления) одной из сторон. Если какая-либо сторона не согласна на внесение изменений и дополнений в настоящий Полис, в пятидневный срок решается вопрос о продолжении действия настоящего Полиса на прежних условиях или о прекращении настоящего Полиса. Изменения и дополнения к настоящему Полису оформляются путем расторжения и заключения нового страхового полиса.

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да,нет/жоқ.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтерді шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./ С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/
Страховщик (или его представитель):
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

Если подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИНН/БИН

телефон

М.П.



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы:

- 1) Сақтандырушыдан төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
- 2) егер ол Сақтандырушының жазбаша келісімімен үшінші тұлғалардың талабы реттесе, осы Полисте көрсетілген сақтандыру сомасы (жауапкершіліктің шекті көлемі) көлемінің шегінде шығындарын өтеуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға құқылы.

2. Сақтанушы:

- 1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау;
- 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған;
- 3) сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауына және сақтандыру полисін жасау туралы шешім қабылдауына елеулі мәнді барлық өзіне белгілі жағдайлар жайлы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттары (полистері) туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
- 5) осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 6) осы сақтандыру полисінің талаптарын Сақтандырылушылардың мәліметіне жеткізуге;
- 7) осы сақтандыру полисінің талаптарын орындауға (осы сақтандыру полисінің талаптарын Сақтандырылушылардың бұзуы, Сақтанушының талаптарды бұзуы болып бағаланады);
- 8) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде, осы сақтандыру полисінде көзделген қажет іс-әрекеттерді жасауға;
- 9) өзіне белгілі болған күннен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей, зиян келтіру фактісі бойынша құзыретті ұйымдар әрекетінің басталуы туралы (тергеу, қылмыстық іс қозғау, сотқа шақыру және т.б.), сондай-ақ барлық үшінші тұлғалардың қойылған талаптары, талап арыздың берілуі және т.б. жайлы Сақтандырушыға дереу хабарлауға;
- 10) Сақтандырушының келісімінсіз, зиян келтіруге байланысты қойылған талаптарды ішінара немесе толығымен мойындамауға немесе өтем төлемеуге;
- 11) егер Сақтанушыда немесе Сақтандырылушыда негіз бар болса, қойылған талаптардың мөлшерін азайтудың қолдан келетін шараларын қолдануға;
- 12) осы сақтандыру полисінің талаптары және сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға;
- 13) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Сақтандырушы:

- 1) берілген ақпаратты және құжаттарды тексеруге;
- 2) бүлінген мүлкті тексеруге қатысуға;
- 3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептерін және жәйттерін өздігінен анықтауға, сонымен бірге құзыретті органдарға сұраныс жіберуге;
- 4) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайын, оның туындау жағдайларын анықтауға қажет ақпаратты талап етуге;
- 5) сотқа «дербес талап қоймайтын үшінші тұлға» ретінде қатысуға;
- 6) Сақтанушыға немесе Сақтандырылушыға қойылған талаптар көлеміне заңда белгіленген тәртіппен дау айтуға;
- 7) оқиға сақтандыру жағдайы болып танылмаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушыны және жәбірленушіні жазбаша хабарландыра отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 8) Сақтанушы сақтандыру жағдайы туралы 3 күндік мерзімде хабарламаған немесе бүлінген мүлкті тексеруге кедергі жасаған жағдайда, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 9) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда осы сақтандыру полисі талаптарының өзгертілуін немесе ұлғайған тәуекелге мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысының төленуін талап етуге;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға құқылы.

4. Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
- 2) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану және сақтандыру төлемін жасау туралы шешім қабылдау үшін берілуі қажет құжаттар тізімін хабарлауға;
- 3) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану немесе танымау туралы шешім қабылдауға;
- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде, осы сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;
- 5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 6) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танылмауы немесе сақтандыру төлемінің көлемін азайту туралы шешім қабылданғаны жайлы Сақтанушыны және жәбірленушіні жазбаша хабарландыруға;
- 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;
- 8) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
- Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингін агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь вправе:

- 1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) на возмещение затрат в пределах указанного в настоящем Полисе страхования размера страховой суммы (предельного объема ответственности), если он по письменному согласию Страховщика сам урегулировал требования третьих лиц;
- 3) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

2. Страхователь обязан:

- 1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
- 2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
- 3) при заключении настоящего Полиса страхования сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о заключении Полиса страхования;
- 4) письменно сообщать Страховщику обо всех заключенных и заключаемых договорах (полисах) страхования гражданско-правовой ответственности за причинение вреда с другими страховыми компаниями;
- 5) уплачивать страховую премию в размерах и порядке, определенных настоящим Полисом страхования;
- 6) довести до сведения Застрахованных требования настоящего Полиса страхования;
- 7) выполнять условия настоящего Полиса страхования (нарушение условий настоящего Полиса страхования Застрахованными расценивается как нарушение условий самим Страхователем);
- 8) при наступлении события, имеющего признаки страхового случая, совершить необходимые действия, предусмотренными Правилами страхования;
- 9) незамедлительно, но не позднее 3 (трех) дней со дня, когда ему стало известно, сообщить Страховщику о начале действий компетентных органов по факту причинения вреда (расследование, возбуждение уголовного дела, вызов в суд и т.п.), а также о всех предъявляемых претензий третьих лиц, о подаче искового заявления и т.п.;
- 10) не выплачивать возмещение, не признавать частично или полностью предъявленные в связи с причинением вреда требования без согласования со Страховщиком;
- 11) принимать все доступные меры по уменьшению размеров предъявляемых требований, если у Страхователя или Застрахованного имеются для этого основания;
- 12) сохранять конфиденциальность об условиях настоящего Полиса страхования и размерах страховых премий и выплат;
- 13) обеспечить переход к Страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

3. Страховщик вправе:

- 1) проверять представляемую ему информацию и документы;
- 2) участвовать в осмотре поврежденного имущества;
- 3) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 4) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;
- 5) участвовать в суде в качестве «третьего лица, не заявляющего самостоятельные требования»;
- 6) в установленном законом порядке оспорить размер требований, предъявляемых к Страхователю или Застрахованному;
- 7) отказать в страховой выплате в случае непризнания события страховым случаем, письменно уведомив об этом Страхователя и потерпевшего;
- 8) отказать в страховой выплате в случае несообщения Страхователем о наступившем страховом случае в 3-х дневный срок либо препятствования осмотру потерпевшего имущества;
- 9) в случае увеличения степени риска потребовать изменения условий настоящего Полиса страхования или уплаты дополнительной страховой премии соразмерно увеличению риска;
- 10) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования;
- 2) сообщить перечень документов, необходимых к представлению для принятия решения о признании события страховым случаем и осуществления страховой выплаты;
- 3) принять решение о признании или непризнании события страховым;
- 4) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в срок установленный настоящим Полисом страхования;
- 5) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 6) письменно уведомить Страхователя и потерпевшего о непризнании события страховым случаем или о принятии решения уменьшить размер страховой выплаты;
- 7) обеспечить тайну страхования;
- 8) отказать в страховой выплате в случаях:



<p>қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;</p> <p>- Сақтанушы /Сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;</p> <p>- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылжытату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.</p> <p>5. Сақтандыру жағдайының туындауын, сондай-ақ келтірген зиянын Сақтанушы дәлелдейді.</p> <p>6. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оған зиянды өтеу туралы талаптың қойылуына себеп болуы мүмкін оқиға туындаған кезде, Сақтанушы:</p> <ol style="list-style-type: none">1) талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаға байланысты шығындарды азайту үшін қалыптасқан жағдаятта саналы және қолдан келетін шараларды дереу қолдануға;2) оқиғаның тиісті мемлекеттік немесе ведомстволық органдарда құжаттық рәсімделуін қамтамасыз етуге;3) сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оған зиянды өтеу туралы талаптың қойылуына себеп болуы мүмкін оқиғаның туындағаны жайлы өзіне белгілі болған сағаттан бастап 3 (үш) күн ішінде, бұл туралы Сақтандырушының немесе оның уәкілетті өкілін жазбаша хабарландыруға; онымен одан әрі жасайтын әрекеттерін келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысанда жазбаша мәлімдеме беруге міндетті. <p>7. Сақтанушы Сақтандырушыға бұдан арғы сақтандыру оқиғасы жөніндегі барлық ақпаратты беруге және қажет көмекті көрсетуге міндетті.</p> <p>8. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін берілетін құжаттар:</p> <ol style="list-style-type: none">1) сақтандыру оқиғасына, себептеріне, зиян мөлшеріне қатысты құжаттар (бұларға мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың қорытындылары, зиян сомасының негіздемесі және т.б. жатады) және басқалар;2) Сақтанушыға үшінші тұлғалардың немесе олардың заңды мұрагерлерінің сақтандыру жағдайының туындауын растайтын құжаттарды тіркей отырып жазбаша қойған талабы;3) Сақтанушыдан үшінші тұлғалардың пайдасына зиян сомасын өндіру туралы сот ұйымдарының шешімі (немесе көшірмесі) (егер Сақтандырушы талап етсе). <p>9. Сақтандырушы, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 күндік мерзімде үшінші тұлғаларға сақтандыру төлемін жүзеге асырыды.</p> <p>10. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.</p> <p>11. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу, «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру ережелеріне сәйкес анықталады.</p> <p>12. Осы талаптарда реттелмеген барлық басқа мәселелерде тараптар, «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру ережесін басшылыққа алады.</p>	<p>- нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя в перечне лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу (далее – Перечень АФМ), а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ)</p> <p>- не предоставления Страхователем /Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;</p> <p>- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью отмывания денег и финансирования терроризма.</p> <p>5. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.</p> <p>6. При наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или которое может послужить поводом для предъявления к нему претензий о возмещении вреда, Страхователь обязан:</p> <ol style="list-style-type: none">1) немедленно принять разумные и доступные в сложившейся ситуации меры к уменьшению убытков, связанных с событием, которое может послужить поводом для предъявления претензий;2) обеспечить документальное оформление события в соответствующих государственных либо ведомственных органах;3) в течение 3 (трех) дней, считая с того часа, когда он узнал, письменно уведомить Страховщика или его полномочного представителя о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или которое может послужить поводом для предъявления к нему претензий о возмещении вреда; согласовать с ним дальнейшие действия, а также представить письменное заявление по установленной Страховщиком форме. <p>7. Страхователь обязан сообщать всю дальнейшую информацию по страховому событию и оказывать необходимую помощь Страховщику.</p> <p>8. Документы, предоставляемые Страхователем для осуществления страховой выплаты:</p> <ol style="list-style-type: none">1) документы, касающиеся обстоятельств страхового события, его причин, размера убытка (такowymi могут быть заключения государственных и ведомственных комиссий, обоснование суммы ущерба и т.п.) и другие;2) письменная претензия к Страхователю третьих лиц, или их правопреемников, с приложением документов, подтверждающих наступление страхового случая;3) решение судебных органов (или его копия) о взыскании со Страхователя суммы ущерба в пользу третьих лиц (если таковое будет затребовано Страховщиком). <p>9. Страховщик осуществляет страховую выплату третьим лицам в 10-дневный срок после принятия решения о страховой выплате либо в срок определенный соглашением сторон.</p> <p>10. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.</p> <p>11. Расчет размера страховой выплаты устанавливается согласно Правил страхования гражданско-правовой ответственности АО «Страховая компания «Евразия».</p> <p>12. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны руководствуются Правилами страхования гражданско-правовой ответственности АО «Страховая компания «Евразия».</p>
---	--